



Қазақстан Республикасының Халықтың банкі мен "Тұранбанктің" Қазақстан-Голландия бірлескен "Almaty Merchant Bank" банкін құруға қатысуы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 13 шілде N 957

Жарғылық қоры екі миллион АҚШ доллары болатын Қазақстан-Голландия бірлескен "Almaty Merchant Bank" банкінің құрылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Халықтық банкіне және "Тұранбанкке" құрылатын банктің жарғылық қорынан 10 проценттен үлес иемдене отырып Қазақстан-Голландия бірлескен "Almaty Merchant Bank" банкінің құрылтайшылар құрамына кіруге рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі